



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

тот, на кого было брошено подозрение в чародействе, пойдет к Реке и опустится в нее. Если Река овладеет им, то тот, кто его обвинил, получит его дом, а если Река объявила этого человека невиновным, и он остался невредим, тот, кто бросил на него обвинение в чародействе, предается смерти, а опустившийся в Реку получает дом своего обвинителя». Данную статью, как я считаю можно отнести к принципу социальной справедливости, или, так сказать, божественной справедливости, что более приближенно к понятийному аппарату людей того времени.

Изложенное позволяет сделать вывод, что Законник Хаммурапи, несмотря на сохранение в нем ряда пережитков первобытнообщинного строя (например, коллективные формы ответственности) и примитивность правовой техники, закреплял и охранял основы существующего строя и общественное неравенство, являлся своеобразным источником и праотцом современной законотворческой мысли. Свод законов Хаммурапи актуален в контексте нынешних бурных споров о ценностях. Вне всякого сомнения, принципы, провозглашенные сводом законов Хаммурапи, были приняты для того, чтобы предотвратить нравственный хаос и нравственный упадок, имевшие место в прежних поколениях. Закон содержит множество понятий и институтов, которые хоть и в определенной мере подверглись изменениям, но применяются в нормах современного права.

Список использованных источников

1. Интернет журнал www.pravoslavie.ru «Свод законов Хаммурапи», Альянс семей Румынии, перевел с румынского Родион Шишко, в *Ortodoxiatinerilor*, 10 июля 2014 г.
2. Владимиров Б. Н. Всеобщая история государства и права. СПб.: АМФОРА, 2005 – 280с.
3. Жидков О. А., Крашенинникова Н. А. История государства и права - М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2007. -310с.
4. Кузищина А.П. История государства и права зарубежных стран. – Ростов: Феникс, 2008. – 480с.

ӘОЖ 340

ҚАЗАҚСТАНДА ЖӘНЕ ШЕТЕЛДЕРДЕ МЕДИАЦИЯНЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТАРИХИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мұхаметқалиқызы Алтынай

zhakupovaam@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ заң факультетінің 3 курс студенті

Ғылыми жетекшісі – Ж.И. Ибрагимов

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Құқықтық саясаттың маңызды мәселесі азаматтардың Конституция кепілдік беретін сот арқылы қорғалу құқығын жүзеге асыруы болып табылады. Бұл үшін сот төрелігін жүзеге асыру процесін оңтайлату, оны басын артық бюрократиялық рәсімдерден арылту керек. Сонымен бір мезгілде соттардың жұмысын жеңілдету мақсатында дауларды соттардан тыс реттеу институттарын дамытуды жалғастырған жөн. Болмашы мәселелер бойынша дауларды шешу соттардан тыс тәртіппен жүргізілетіндей жолдарды қарастыру қажет» деп көрсетілген [1].

Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 19 қарашадағы судьялардың V съезінде «Сот тәртібінде қарастырылуға жататын даулар санын азайтып, оларды шешудің балама тәсілдерін, соның ішінде бітімгершілік рәсімдер мен медиацияларды енгізу маңызды. Бұл сот төрелігінің қалыпқа келуіне мүмкіншілік туғызады» деп айтқан болатын.

Осыған орай істі қарау тараптар үшін қолайлы және қысқа мерзімде болуы керек екенін, сондай-ақ оларды татуластыруға бағытталып және жаңа технологияларды қолдана отырып сот төрелігін жүзеге асыру қажеттілігі көрсетілген.

Татуласу келісімін және дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісімді жасау тәртібі, келісімдердің нысаны мен мазмұны, соттың келісімдерді бекіту тәртібі және келісімдердің орындалуы сияқты мәселелер қолданыста болған 13.07.1999 жылғы Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексінде жеке тараумен қарастырылып, кеңінен жазылмаған еді [2]. Дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісімді жасау тәртібі, оның нысаны мен мазмұны «Медиация туралы» Қазақстан Республикасының 28.01.2011 жылғы Заңында ғана қарастырылған еді.

2015 жылдың 31 қазанында қабылданған Азаматтық процестік кодексінде осы мәселелер толығымен көрсетілген [3]. Одан бөлек, жаңа Азаматтық процестік кодекстің қабылдануына байланысты «Медиация туралы» Қазақстан Республикасының 28.01.2011 жылғы Заңына да тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілген [4]. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінде арнайы «Татуластыру рәсімдері» атты тарау қарастырылған.

Татуластыру рәсімдері – соңғы жылдары өркениетті елдерде кеңінен қолданылып, жанжалдарды сотқа жеткізбей, үшінші тараптың араласуымен шешудің нақты жолына айналған жаңа сала. Көптеген елдерде татуластыру рәсімдері туралы заңдар қабылданып, бітімгершілік салты заңдық сипатқа түсіріліп, қоғамдық өмірден өзінің орнын да алған. Алайда татуластыру рәсімдері – жеке адамдар ойлап тапқан ғылымның жаңа саласы емес, сан ғасырлар бойы келе жатқан, екі жақты (тарапты) бітістірудің жүйеге түсірілген моделі ғана. Оның белгілерін, әдіс-тәсілдерін кез келген ұлттардың қоғамдық, әлеуметтік өмірінен кездестіруге болады.

Бітімгершіліктің әдіс-тәсілдері бірдей болғанымен әр елдің татуластыру әдістері әртүрлі. Ол сол елдің ішкі өміріне, тарихына, ұлттың ерекшелігіне, адамдарының менталитетіне байланысты. Біздегі бітімгершілік жұмыстың басты айырмашылығы – медиатордың беделінде, оның қоғамда алатын орнында.

Дау-жанжалды шешу үрдісіне арналған нақты талаптар қазақ халқының алғашқы Заңдар жинағы – «Жеті жарғысында» да кездеседі. «Жеті жарғы» Заңдар жинағында: «1. Дауды шешу және көшпелі адамға үкім шығару ханның өзі болмаса талапкер мен жауапкер тұратын ауылдардың билеушілердің не ақсақалдарының қолында болып, істі қарауға екі жақтан да сайланған арада жүруші тағы да екі адам шақырылуға тиіс. 2. Егер айыпкер билерге күдік келтірсе, олардың ауыстырылуын өтіне алады»-деп жазылған [5].

Бұл жерде дауды шешу құқығының бір ғана адамға – биге – беріліп қоймағанын көреміз. Істі қарағанда екі тараптан «сайланған», «арада жүруші» адамдардың болуы қарастырылған. Ал екінші баптың қарапайым демократиялық ұстанымы арқылы айыпкерлер билердің өзін ауыстыра алады. Қазақтың билер сотының адам құқығына негізделгені осы баптардан анық көрініп тұр.

Медиация мәселесі сөз болғанда сан ғасырлар бойы ішкі тұрақтылық пен тыныштықты сақтауға өзек болған, Қазақтың барлық аймақтарында салт-дәстүрге сүйене отырып тиімді жұмыс істеген, үкім шығарып айыптыны жазалаудан көрі Бітімгершілік институтының рөлін көбірек атқарған билер тағлымын есімізге аламыз. Медиация – қазақ даласындағы кешегі билер сотының заман талабына сай, өркениеттік, ресми қалыпқа түсірілген жаңа үлгісі [6].

Тәуелсіздікке дейін кеңес жүйесінің идеологтары мен солардың нұсқауымен ғана жұмыс істеген мәдениет танушылар, тарихшылар, этнографтар қазақ халқының сан ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрін, мәдениеті мен ұлттық танымын не жоққа шығарды, немесе жадымыздан шығаруға күш салды. Осы құндылықтарымыздың бірі – билер соты болатын. Бұл тақырыпты жүйелі түрде зерттеп, билер сотының артықшылығын ғылыми түрде алғаш рет дәлелдеп берген ұлтымыздың алғашқы ғалымдарының бірі – Шоқан Уәлиханов болатын. Отар болып отырған ұлттың мәдениетін төмендету идеологиясының үстемдік құруына қарамастан, XIX ғасырда өмір сүрген орыс зерттеушілерінің көпшілігі қазақтың билер сотының жалпымәдени және жалпыөркениеттілік құндылығы туралы құнды пікірлер қалдырып кетті. Мысалы: Аитов (1846) билер «әділет және адалдығымен ерекшеленеді» десе, Л.Ф. Баллюзек (1871) «Халықтың санасында бұндай атақ табиғи ақылдылығы мен шешендігіне қоса халық әдет-ғұрып заңдарын, олардың тарихын терең білетін кейбір адамдарға ғана беріледі» деген тұжырымға келген. Л.А. Словоохотов Билер «ақиқат жар-шысы» десе, А.Зуев (1907) билерді

«ең дана және дара адамдар» деп есептеген [5]. Бұл пікірлерде қазақтың билеріне қойылатын талап та, билер сотына берілген аса жоғары баға да бар.

Қазақ билерінің даулы мәселені қарауын, шартты түрде, екі сатыға бөлуге болады. Бірінші саты – дәл бүгінгі медиация үрдісіне арналған. Бұл жерде билер жанжалдасып, бидің алдына келген тараптардың өзара келісімге келуіне күш салаған. Қазақ дәстүрінде бұл бағыттағы билік жұмыстарын «Бітім» деп атаған. «Салауат» деп аталатын екінші кезеңде дауласқан екі тарап бір-біріне кешірім жасап, талап қоюдан бас тартады. Бұдан біз билер сотының басты мақсаты – екі жақты татуластыру, бітімге алып келу екенін көреміз.

Билер сотын жаңғырту мәселесіне академик Салық Зиманов та белсенді түрде ат салысты. Оның төрт тілде жарық көрген «Қазақтың билер соты – бірегей сот жүйесі» деген кітабында: «Қазақтың билер соты өзіне жүгінген тараптардың дауларын қарастыра отырып, тараптардың арасында, рудың арасындағы бітімгершілікке және бірлікке қол жеткізуге тырысатын. Билер сотының осы асқақ мұраттарының талабына жауап беру үшін билер дала даналарының мектебінен өтуге, алдыңғы ұлы билердің сынынан сүрінбеуге тиіс болған» деген жолдар бар [7].

Дауласушы тараптарды татуластыру дауларды шешудің әдісі ретінде Кавказ халықтарында, оның ішінде Грузияда бұрыннан бері бар. Дауласушы тараптарды бітістіру рәсімі Грузияның 8 және 12 ғасырлардағы құқықтық ескерткіштерінде кездеседі. Сақталған тарихи құжаттарға сәйкес бітістіру діни рәсімдерді белсенді пайдалана отырып жүргізілген. Кейбір қауымдарда бітімнің ерекше мәнді нәтижелері тіпті шіркеу кітаптарының беттеріне жазылған, осымен қол жеткізілгеннің Құдайдың қолдауымен болғандығы, сондай-ақ қол жеткен келісімдерді бұзғаны үшін шіркеу алдындағы жауапкершілік баса көрсетілген. Бітістіру Грузияның биік таулы аудандары Сванетия мен Абхазияда кеңінен қолданылады. Хевсуретия мен Аджарияда қауым ішінде туындаған мәселелерді шешу үшін қауымдардың беделді мүшелерінің қатысуымен келісімге қол жеткізу жолымен шешіледі [8].

Терең тарихи алғышарттарға қарамастан, Медиация құқықтық институт ретінде Грузияның құқықтық жүйесінде 2010 жылға дейін болған жоқ. «Медиация» термині Грузияның Қылмыстық іс жүргізу кодексінде (ҚІЖК) алғаш рет 2010 жылы шілдеде енгізілген түзетулердің нәтижесінде пайда болды [9]. Осы түзетулер кейіннен медиация және кәмелетке толмағандардың алдын алу бағдарламасы ретінде белгілі болған бағдарлама түрінде қылмыстық қудалауға балама ретінде әсер ету шараларын әзірлеуге мүмкіндік берді.

Грузияның азаматтық-құқықтық жүйесіне Медиация институтын енгізу тәсілінің ерекшелігі, Медиация туралы арнайы заң қабылдаудың орнына, Грузия Сот медиациясы деп аталатынды, яғни медиация рәсімін Азаматтық іс ішінде реттеу жолымен жүруі болып табылады. Осындай тәсіл медиацияның, ең бірінші кезекте, жеке құқықтық дауларды шешудің балама құралы ретінде болуын атап көрсетеді, бұл оның еріксіз материалдық құқықтың емес, азаматтық іс жүргізудің бір бөлігі етеді.

Грузияның 20.12.2011 № 5550 ПС АІЖК өзгерістерге сәйкес жаңа тарау – Сот медиациясы пайда болды [10]. Осы нормаларды қолданудың жалпы ережелеріне сәйкес іс сотта қозғалғаннан кейін медиацияға жатқызылатын талап-арыздар, тараптар келіскен жағдайда, соттың айқындауы бойынша медиаторға, жеке немесе заңды тұлғаға берілуі мүмкін. Медиация жолымен қаралатын істер: Бала асырап алуға қатысты, асырап алуды заңсыз деп тану, ата-ана құқығынан айыру немесе шектеу дауларын қоспағанда, отбасы-мүлдіктік даулары; Мұрагерлік сипаттағы даулар; Көршілер арасындағы даулар; Тараптар келіскен кезде кез келген жеке құқықтық даулар. Жалпы жеке құқықтық даулар кезінде дау оны қараудың кез келген сатысында медиация үшін берілуі мүмкін.

Еуропалық Комиссия медиацияға «дауға қатысушы екі немесе одан да көп тараптарға үшінші тарап даулы сұрақ жайында келісімге келуге көмектесетін үдеріс деп анықтама береді.

Медиация – АҚШ соттарында дауласушы тараптарға өзара тиімді шешімге келуге көмектесуге тырысатын, үшінші бейтарап жақтың қатысуымен орындауға міндетті емес дауды шешу тәсілі.

Медиатор әрқашан да бейтараптық пен тәуелсіздікті сақтап қалады. Ол дауласушылардың қайсысы кінәлі екендігін анықтамайды, шешім қабылдауда өзіне жауапкершілік алмайды. Мұның орнына медиатор, дауласушы тараптардың көздеген мүдделерін анықтауға және олар үшін өзара қолайлы және әділ келісімге келуге көмектесу тұрғысында жұмыс жасайды.

Әдетте медиация да, төрелік сот та оңаша және құпия, бұл туралы тараптардың келісімдерінде жазылады немесе заңмен бекітіледі. Бұдан өзгеше АҚШ-та және басқа мемлекеттерде әлдебір іс бойынша басталған, сотта қаралатын істер, бастала салып жария тыңдалымдар сипатына енеді. Төрелік сотта қаралатын істер басында құпия болғанымен, соңынан арбитрдың шешімі сотта талқыланатын болса, ол да жария тыңдалымдар сипатына енеді.

Медиация оңаша және құпия болғандықтан, көптеген корпорациялар жасалғалы жатқан келісімдер мен шарттарға, тараптар арасындағы болашақта мүмкін болатын әр дауды сотқа өтініш беруден бұрын медиацияның көмегіне жүгіндіретін тармақтар қосуға тырысуда.

Құпиялылыққа келер болсақ, медиацияда дауды шешудің басқа түрлеріне қарағанда оның кепілдігі неғұрлым зор болады. Көптеген Заңдарда медиация кезінде алынған ақпарат одан ары істі сотта немесе төрелік сотта қарау кезінде қолданылмайтындығы айтылған. Мысалы, Медиация туралы Бірегей Заңның (МБЗ) 4(а) бөлігінде: «Медиация үдерісі кезінде жасалған хабарламалар құпия.... Егер тараптар басқаша келіспесе немесе құпиялылық сот шешімі арқылы мәжбүрлі түрде өзгертілмесе, олар іс бойынша куәлік беру кезінде жариялануы және қолданылуы мүмкін емес».

Медиативтік келіссөздердің құпиялылығы көбіне заң бойынша халықаралық сауда дауларына таралады. ЮНСИТРАЛ-дың типтік Заңының 9-бетінде бұлай деп жазылған: «Егер тараптар басқаша келіспесе, бітімдестіру рәсіміне қатысты барлық ақпарат құпия түрде сақталады, тек қана оның ашылуы заң тұрғысынан талап етілгенде немесе дауды реттеу бойынша келіссөздер мәжбүрлі түрде жүргізілсе» [11].

Бұған қосымша Еуропарламент 2008 жылдың 21 мамырында ресми түрде ЕуроОдақтың барлық мүше мемлекеттеріне міндетті болып табылатын жаңа медиация туралы Директиваны қабылдады [12].

Австралия медиацияны дауларды шешудің басты құралы ретінде қарастырады, сол уақытта сот түрін альтернативті деп қарастырады.

1999жылдан бастап Еуропа Кеңесі отбасылық, қылмыстық, әкімшілік және азаматтар істерге қатысты медиацияның бірнеше ұсыныстарын қабылдады.

Жоғарыда айтылған Еуропалық Одағының Медиация жөніндегі Директивасы бойынша:

– Әділ сотқа қол жеткізудегі медиация маңыздылығының қажеттілігін ресми түрде таниды;

– Ұлттық заңдылықты бұзбастан, сотқа тараптарды медиацияға бағыттау немесе шақыру құқығын береді;

– Тараптарды міндеттемелі келісімге келуіне ықпал етеді;

– Медиаторларды куәгер ретінде әрекет ету міндетінен қорғайды;

– Тараптар медиацияны таңдаған кезде, уақытша шектеулерді қамтамасыз етеді;

– Медиаторларды оқыту институттарының дамуын, этикалық кодекстер мен медиация жөнінде ақпараттардың онлайн дамуын қолдайды.

Германияда тізбесі тікелей мынадай заңдарда бекітілген істердің жекелеген санаттары бойынша міндетті түрдегі деп аталатын бітімгерлік жұмыс істейді:

1) нысаны ақшалай түрде болатын немесе ақшалай құны 750 еуродан аспайтын талаптар туралы телімдік соттағы мүліктік-құқықтық даулар;

2) көршілерарасындағыдаулар;

3) егерқорлаубаспасөзденемесе радио эфиріндежасалмаса ар-намысынжәнеқадір-қасиетінқорлауғабайланыстыталаптартуралыдаулар.

Медиация отбасы-тұрмыстық қатынас саласында, мұрагерлік туралы дауларда, ата-аналар, қамқорлық, қамқоршы жанжалдарын реттеуде, жастар жанжалдарында, әскери жанжалдарда, құрылыста, шағын және орта бизнес саласында, халықаралық құқықта, банк

ортасында, әсіресе несие беруде әлемнің көптеген елдерінде өзін оң қырынан көрсетті. Медиацияны жанжалдарды омбудсмендер арқылы реттеу жолымен пайдалану ерекше қызығушылық тудырады.

Атлантада, Канзас-Ситиде, Лос-Анжелесте жүргізілген дауларды шешудің балама нысандарына медиация енгізу жөніндегі тәжірибе сот жүйесінің жүктемесін 80%-ға дейін азайтатынын растады [13].

Ұлыбританияда медиация институтын енгізу, дауларды тиімді шешу орталықтарын құру қажеттігіне әкеп соқты. Осындай орталықтардың өкілеттіктеріне мынадай қызмет көрсетулер кіреді:

- дауларды реттеу және сараптамалар жүргізу;
- дауларды қарау және оларды жылдам бейтарап бағалау;
- іскерлер мен мамандарды дауларды басқаруға және оларды неғұрлым тиімді түрде реттеуге үйрету;

- типтік құжаттар, соның ішінде, делдалдық рәсімдері бойынша және реттеу туралы және т.б. келісім шарттары бойынша құжаттар ұсыну.

Жыл сайын Ұлыбританияда жалпы сомасы 4,1 млрд. фунт стерлинг шамасында 4 мыңға жуық азаматтық және коммерциялық шиеленістер бойынша медиациялар жүргізіледі. 80% жағдайда коммерциялық медиация бір күнді қамтиды. 90% жағдайда тараптар барлығын қанағаттандыратын шешімдер табады. Барлық келісімдердің 70% екі ай мерзімде орындалады [6].

Медиацияны кез келген қоғамға тарату, оны енгізу және қолдану жеке қақтығыстарды азайтуға ықпал етіп қана қоймайды, ол әлеуметтік жағынан жағымды, толеранттық қоғамды қалыптастыруға ықпал етеді және кез келген мемлекет үшін өте маңызды. Қазақстанда татуластыру рәсімдерінің қолданылуы қазақ халқының дәстүрлі билер мен ата бабалар тағылымын, әдет-ғұрып тәжірибесін қалпына келтіруге жасалған игі қадамның бірі, оның егеменді Қазақстанның болашағына тиімділігі мол.

Қазақстанда медиацияны әрі қарай дамыту және іске асыру үшін:

- шетел тәжірибесіне жүйелі, кешенді зерттеу жүргізу;
- медиацияға сұранысты арттыру мақсатында халық арасында медиация туралы ақпаратты тарату және түсіндіру жұмыстарын кеңінен жүргізу;
- дәстүрлі әдет-ғұрып нормаларын қазіргі таңдағы азаматтық істерді шешу кезінде қолдану;
- медиация саласында қызмет ету сапасын бақылайтын қоғамдық механизмді ұйымдастыру қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. "Қазақстан-2050" Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты ҚР Президенті - елбасы Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ Қазақстан халқына Жолдауы, Астана қ., 2012 жылғы 14 желтоқсан <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1200002050>

2. Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексі ҚР 1999 жылғы 13 шілдедегі N 411 Заңы. Күші жойылды - ҚР 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V Кодексімен http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000411_

3. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі ҚР Кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377>

4. «Медиация туралы» ҚР 2011 жылғы 28 қаңтардағы № 401-IV Заңы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000401>

5. Тлеухан, Р. Қазақстанда медиацияны дамытудың кейбір сұрақтары: әдістемелік құрал / Рамазан Тлеухан; Қазақстан медиаторлар ассоциациясы, Заңды тұлғалар бірлестігі.- Астана: Жасыл Орда, 2015.

6. Балтабаева С. Дала заңынан дара заңға дейін. Заңгер 2015 №2(163), 64-67б.

7. Зиманов С.З. Қазақтың билер соты – бірегей сот жүйесі. Алматы: Атамұра, 2008. 216 б.

8. Копалейшвили П. «Медиация в системе правосудия Грузии»

9. Criminal code of Georgia 22.08.1999 http://www.carim-east.eu/media/legal%20module/natfr/GE_3.2%20CriminalCode_En.pdf
10. Civil procedure code of Georgia 14.11.1997
<https://matsne.gov.ge/en/document/download/29962/92/en/pdf>
11. <http://www.uncitral.org/pdf/english/texts/arbitration/ml-conc/mlconc-.pdf>
12. ЕО-ның медиация туралы Директивасы // http://www.mediacion.com/files/Documents/Directive_2008_rus.pdf
13. АҚШ-та штаттардың біртұтас заңдары бойынша Комиссия тарапынан ұсынылған Медиация туралы Біртұтас Заңы 2002 жыл <http://www.nccusl.org>.

УДК 340.114.5

ҚАЗАҚСТАНДА ЖАСТАР АРАСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ НИГИЛИЗМ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мұханбетқали Көркем Жамбылқызы

korkem.m97@mail.ru

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің

«Құқықтану» мамандығының II курс студенті

Ғылыми жетекші – А.А.Мадалиева

Елімізде демократиялық азаматтық қоғам құру қажеттілігі әр азаматтың құқықтық мәдениетінің деңгейін арттыру мәселелеріне талдау жасауды қажет етеді. Ал құқықтық мәдениеттің қалыптасуы құқықтық санаға байланысты. Бүгінде мемлекеттік басқару ортасында құқықтық сана өзіндік өзгерістерге ұшырауда. Құқықтық сана өзгерісін қоғам мен жеке тұлғаның идеологиялық – психология аясындағы келеңсіз бұрмаланушылығы ретінде қарастыру қажет. Бұрмаланушылық, әсіресе, кәсіби құқықтық сана аясында ерекше байқалады. Оларға құқықтық нигилизм, құқықтық инфантилизм немесе құқықтық сананың жетілмеуі, негативті құқықтық радикализм, жалғандық-құқықтық популизм және адамгершілікті-құқықтық конформизмді жатқызуға болады. Қоғам әрқашанда жалпыға ортақ немесе ресми белгіленген әлеуметтік нормаларға бағынбайтын адамдардың мінез-құлықтарының мәселелеріне ерекше көңіл бөледі. Қоғам біреудің құқығының немесе заңды мүдделерінің бұзылуымен байланысты қандай да бір даулар мен келіспеушіліктерді шешу керек болған кезде, әсіресе, даулар бұқаралық сипат алғанда ол әлеуметтік құбылысқа айналады.

Қазақстанның нарықтық қатынасқа көшуі қоғамның экономикалық, саяси, әлеуметтік, рухани салаларына өзгерістер енгізді де, нәтижесінде көптеген шиеленіскен әлеуметтік проблемаларға алып келді, соның бірі – жас ұрпақтың құқықтық нигилизмі.

Әлеуметтік өзгерістер құбылысы бүгінгі күні әлеуметтік өмірдің барлық салаларына кеңінен еніп отыр. Құқықтық нигилизмнің келеңсіз көрінісі – экстремизм, жасөспірімдер мен жастар арасындағы қылмыстылық – соңғы уақытта қоғамда өте қауіпті сипатқа ие бола бастады. Аталған жағымсыз ауытқулар мемлекетке, қоғамға үлкен залал келтіреді, оның дамуын тежейді. Осыған орай, жастар арасындағы құқықтық нигилизмді заманауи қазақстандық қоғамның жедел түрде шешімін табуды қажет ететін әлеуметтік мәселесі ретінде қарастырған дұрыс. Сондықтан жастар арасындағы құқықтық нигилизмнің пайда болу себептерін зерделеудің басты міндеттерін белгілеп, аталған әлеуметтік мәселені шешу бойынша жедел іс-шаралар кешенін жасау керек [1].

Зерттеу жүргізудегі көкейкесті мәселе қазақстандық қоғамдағы әлеуметтік қарым-қатынастың бүгінгі күні жағдайының мәселелерімен тығыз байланыста. Жастар және жасөспірімдер арасындағы құқықтық нигилизмнің, сондай-ақ олардың қылмыстық іс-әрекеттерінің басты себебі жастар арасындағы құқықтық білім беру мен тәрбиенің өз деңгейінде болмағандығынан екендігі даусыз.

Бүгінгі таңда мемлекет өз азаматтарының, әсіресе, жастарының мінез-құлқын басқаруды толыққанды іске асырып отыр деп айту қиын. Жастардың мінез-құлқын басқару құқықтық білім